

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
2019-2020 оқу жылындағы кезекті Академиялық комитет отырысының  
ҚАУЛЫЛАРЫ № 11**

Түркістан қаласы

29 маусым 2020 жыл

Өткізілетін орын: *(Онлайн режиміндегі  
Google Hangouts арқылы өткізілген)*

Өткізілетін уақыты: 2020 жылдың 29 маусымы, сағат 15:00

Комитет мүшелері – 43

Қатысқандар: 43, келмегендер: 0

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

- 1.2020-2021 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамының жылдық жүктеме мөлшерін бекіту *(Оқу ісін ұйымдастыру орталығының басшысы Г.Жұмжаева);*
- 2.2020 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі туралы *(Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығының басшысы С.Мухиддинова)*
- 3.Жаңа 2020-2021 оқу жылына дайындық актісі (оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу, оқу бағдарламасының жобаларын т.б. дайындау) *(Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Т.Ж.Ниязов, Факультет декандары);*
- 4.2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы *(Шымкент медицина институты);*
- 5.2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында оқу-әдістемелік индикаторлары бойынша жылдық есебін беру (2019-2020 оқу жылы бойынша) *(Факультет декандары);*
- 6.2020-2021 оқу жылына арналған университет және факультеттерінің Академиялық комитет жұмыс жоспары жобасын талқылау *(Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Т.Ж.Ниязов, Факультет декандары);*
- 7.Әр түрлі мәселелер:
  - 7.1.БББ-ның топтарына өзгерістер енгізу *(Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж.);*
  - 7.2.2019-2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессия нәтижелері *(Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Т.Ж.Ниязов);*
  - 7.3.Атамекен рейтинг бойынша ЕСУВО базасына құжаттарды енгізу туралы *(Факультет декандары).*
  - 7.4.Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы *(Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинұлы Ж.);*
  - 7.5. 2019-2020 оқу жылында академиялық (ESTC) кредитке өтуіне байланысты білім алушылардың курстан курсқа өту GPA – ұпайына өзгеріс енгізу туралы *(Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Т.Ж.Ниязов).*

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша**  
**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.2020-2021 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамының жылдық жүктеме мөлшері Сенатқа мәжілісінде бекітуге ұсынылсын.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша**  
**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.2019 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізілсін, мониторинг нәтижесі талданып, түлектердің жұмыспен қамтылуын кадрларды даярлаушы кафедра мен бағдарламалар жетекшілеріне жүктелсін (*жауапты-факультет декандары, жоғары мектеп директоры, кафедра меңгерушілері және бағдарлама жетекшілері, Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығы*);

2.2020 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал ету үшін кадрларды даярлаушы кафедралардан бекітілген тізімдегі ОПК-ға жүктелсін (*жауапты-факультет декандары, жоғары мектеп директоры, кафедра меңгерушілері және бағдарлама жетекшілері*).

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша**  
**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1. 2020-2021 жаңа оқу жылына Факультеттер бойынша «Дайындық актісін» толықтыруларымен Академиялық департаментке (04.07.2020 ж дейін) өткізілсін. Жауапкершілік факультет декандары мен *Факультет декандарына жүктелсін.*

3.2. 2020-2021 жаңа оқу жылына оқулықтар, оқу-әдістемелік, әдістемелік кешендер, пән контенттері, электрондық тасымалдағыш құралдар, дидактикалық материалдарды әзірлеу жұмыстары жандардырылсын.

3.3. Төтенше жағдайдағы пандемияға байланысты, 2020-2021 жаңа оқу жылында БББ бойынша барлық пән контенттері ДОТ жүйесіне 100 пайыз (20.08.2020) дейін толық енгізілгілсін.

3.4. Жауапкершілік факультет декандары мен кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша**  
**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.Шымкент медицина институтының стратегиялық жоспар аясындағы орындалған оқу-әдістемелік жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.

**Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша**  
**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.1. 2019-2020 оқу жылындағы Факультеттердің 2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында оқу-әдістемелік индикаторлары бойынша

факультет декандарының жылдық есебі 04.07.2020 ж дейін толықтырулармен Академиялық департаментке өткізілсін.

**Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша  
Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

6.2020-2021 оқу жылына арналған Академиялық комитет кеңесінің жұмыс жоспары жобасына өзгерістер мен толықтырулар жасалынсын, факультеттер тарапынан ұсыныстар берілсін (Жауапты: Факультет декандары).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бірінші  
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7.1.БББ-ның топтарына өзгерістер енгізілсін (Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысының орынбасары – Шайхидинов Ж.).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің екінші  
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7.2.2019-2020 оқу жылының көктемгі емтихан сессия нәтижелері Университеттің Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын (Білім алушыларға қызмет көрсету орталық басшысы Д.С.Джаякбаева).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің үшінші  
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7.3. Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасының жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының (бакалавриат деңгейін) бағалау үшін мәліметтерді жинау және жоғары білімді ортақ басқару жүйесіне (ЕСУВО) мәліметтер базасына университет мәліметтерін сапалы енгізуді қамтамасыз етілсін.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің төртінші  
сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**

7.4.Төмендегі ұсынылған Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) бекітілсін және баспаға ұсынылсын.

**Жаратылыстану факультеті бойынша:**

7.4.1.Экология және химия кафедрасының оқытушысы, х.ғ.к., доцент

Б.С.Абжалов дайындаған «Мұнай химиясы» атты оқу құралы;  
7.4.2.Математика кафедрасының профессоры, ф.-м.ғ.д., Б. Х.Турметов дайындаған «Жоғарғы математика пәндерін оқытуда тарле жүйесін қолдану» атты оқу құралы;

**Әлеуметтік ғылымдар факультеті бойынша:**

7.4.3.«Құқықтану кафедрасының PhD аға оқытушысы М.М.Иманбекованың «Конституционное право Республики Казахстан: тенденция и динамика развития в сравнении с опытом стран дальнего зарубежья» атты орыс және ағылшын тілдерінде жазылған оқу құралы;

**Дайындық факультеті бойынша**

7.4.4.Жалпы пәндер кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымының магистрі Пралиева Рабиға Есімқызының «Химия пәні бойынша тест жинағы» атты оқу әдістемелік құралы;

**Спорт және өнер факультеті бойынша:**

7.4.5.Р.Ш.Сыдыкова, А.А.Калдаякованың «Абайға - тағзым етсек» атты оқу әдістемелік құралы;

7.4.6.Р.Ш.Сыдыкованың «Хрестоматия по казахской хоровой музыке 1 том» атты оқу әдістемелік құралы.

**Гуманитарлық ғылымдар факультеті бойынша**

7.4.7. Білім технологиялары кафедрасының т.ғ.д, доцент Пошаев Д.Қ., Ортаев Б.Т. дайындаған «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» атты оқу құралы;

7.4.8.Педагогикалық ғылымдар кафедрасының п.ғ.к.,доц.м.а. С.Ш.Алимбекова - ның дайындаған «Кәсіптік білім беру педагогикасы» атты оқу құралы;

7.4.9.Педагогикалық ғылымдар кафедрасының п.ғ.к.,доц.м.а. С.Ш.Алимбекова - ның дайындаған «Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жүйесі» атты оқу құралы;

7.4.10.Педагогикалық ғылымдар кафедрасының п.ғ.к.,доц.м.а. С.Ш.Алимбекова - ның дайындаған «Мамандыққа кіріспе» атты оқу құралы.

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бесінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

7.5. 2019-2020 оқу жылында академиялық (ESTC) кредитке өтуіне байланысты білім алушылардың курстан курсқа өту GPA – ұпайына өзгеріс енгізілу туралы ұсыныс университеттің Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын.

*Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.*

Хатшы



Ж.И.Исаева

